«Атырау облысы Құрманғазы аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесіне қарасты «Панфилов атындағы жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің ішкі талдауы бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізу кезіндегі талдамалық АНЫҚТАМА

I. Кіріспе

«Атырау облысы, Құрманғазы аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Панфилов атындағы жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі» - жас ұрпаққа білім, тәрбие беретін мекеме, білім беру жүйесінің мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі, жалпы білім беретін буыны. Панфилов атындағы жалпы орта мектебінде барлығы 33 мұғалім, 35 кіші қызметкер 29 – тұрақты, 6 –маусымдық) , барлығы 78 қызметкер жұмыс жасайды.

Оқушы саны: 1-11 сынып 142. МАД – 15. ШО-20. Мектеп екі аусымда жұмыс жасайды.

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингтің мәні:

Мектептегі сыбайлас жемқорлықтың туындау себептері мен жағдайын сипаттайтын сандық және сапалық көрсеткіштерді зерделей отырып, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауы жүргізу мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингтің нәтижесі туралы ақпаратты ұсыну.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізілді:

«Атырау облысы Құрманғазы аудандық білім бөлімі» ММ-нің «Панфилов атындағы жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі. Мекен жайы мен байланыс мәліметтері: Атырау облысы, Құрманғазы ауданы, Нұржау ауылдық округі, Жасқанат көшесі 1 үй, тел.: 8(71233) 5-56-85 эл.поштасы: panfilov.sh00@mail.ru

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізілу кезеңі:

Басталды: 27 қаңтар 2026 жыл, аяқталды: 27 ақпан 2026 жыл.

4. Бақыланатын кезең: 2025 жылдың 01 қаңтары мен 2025жылдың 31 желтоқсан аралығы.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау мына бағытта бойынша жүзеге асты :

1) Мектептегі мемлекеттік көрсетілетін қызметтердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2) Мектептің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүргізуге және жұмыстың нәтижесіне басшылық, үйлестіру және жауаптылық жүктелген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау субъектісінің тұлғасы: Л.Умирзахова – жұмыс тобының жетекшісі. 8(71233) 5-56-85

II. Ақпараттық-талдамалық бөлім

1) Панфилов атындағы жалпы орта мектебі бойынша Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруға бағытталған «Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру жөніндегі іс шаралар жоспары басшылыққа алынып, іске асыру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын сапалы ұйымдастыру мақсатында «Білім беру ұйымының сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудың іс-қимыл шараларының 2025 жылға арналған жоспарын бекіту туралы» іс шаралар жоспары жасақталып, жүзеге асырылды. Мектепте «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңдарының, талаптарын қатаң сақталуы үнемі бақыланып, осы талаптарды қатаң сақтау сезімін тәрбиелеу үшін педагог қызметкерлер мен кіші

қызметкерлер арасында жауапкершіліктері үнемі таныстырылып, жиындарда түсінік пен ақпараттандыру жұмыстары тұрақты жүргізіліп тұрады. Мектеп мұғалімдері мен кіші қызметшілерінің тарапынан әдеп нормаларын бұзу фактісі болған жоқ. Мектепте сыбайлас жемқорлыққа байланысты жоғарғы органдардан келген нұсқау хаттар мен жоспарлар уақытылы мектеп ұжымына таныстырылуда.

2) **2025 жылға бөлінген қаржы, оның игерілуі:** мектепте 2025 жылға барлығы 278 518 000,00(екі жүз жетпіс сегіз миллион бес жүз он сегіз мың) теңге бөлінді;
Республикалық бюджеттен
3) **261082011 бағдарламасы бойынша** 111,116,121,122,124- ерекшеліктері бойынша 2 206 000,0 (екі миллион екі жүз алты мың) теңге бөлініп, толықтай игерілді.
Жергілікті бюджеттен
4) **261082015 бағдарламасы бойынша** 111,113,116,121,122,124- ерекшеліктері бойынша 241 244 000,0 (екі жүз қырық бір миллион екі жүз қырық төрт мың) теңге жоспарланып, мұғалім және техникалық қызметкерлерге толықтай мақсатты жаратылып, еңбекақыларына төленді.
5) **116- ерекшеліктері бойынша** 6 045,0 (алты мың қырық бес)теңге;
6) **122- ерекшеліктері бойынша** 12 098,0 (он екі мың тоқсан сегіз) теңге игерілмей қалды.
7) **261082015-149 ерекшелігі бойынша** жалпы сома 3 382 000,00 (үш миллион үш жүз сексен екі мың) тенгені мекемеге қажетті кеңсе тауарлары, шаруашылық материалдарға, жұмыс үшін газет журнал басымдарға, мектепті жеңіл жөндеу құрылыс материалдарына, асханаға ыдыстар сатып алуға, техникалық қызметкерлерге жұмыс үшін арнайы киімдер , оқушыларға мақтау қағазы мен мақтау бетшелерін, залалсыздандыру ұнтағын, дезинфекциялық құралдар,9-11 сыныптың аттестаттарын дайындауға ақша беріліп, осы суммадан 120 573(бір жүз жиырма мың бес жүз жетпіс үш)теңгенің заты (ойыншықтар) кешігіп жатырған себепті игерілмей тұр,қалған ақшасы толық игерілді.
8) **151 ерекшелік бойынша** Коммуналдық қызметтерге ақы төлеу бойынша 6 140 000,0 (алты миллион бір жүз қырық мың)теңге жоспарланып, мектептің электроэнергиясына, тауарлық газ шығындарына, су анарсына толықтай жұмсалды.
9) **152 ерекшелік** Байланыс қызметіне ақы төлеу шығынына 518 000,00 (бес жүз он сегіз мың) теңге жоспарланып, мектеп бойынша 1 нүкте телефон байланысы және интернет желісіне шығындалып, мақсатты толықтай игерілді.
10) **158 ерекшелік** 1С бағдарламасына қызмет көрсетуге ақы төлеу бойынша 660 000,0 (алты жүз алпыс мың) теңге жоспарланып, 1С бағдарламасына қызметіне толықтай жұмсалды.
11) **159 ерекшелік** «Өзге қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеуге» 8 950 000,00 (сегіз миллион тоғыз жүз елу мың) тенге жоспарланып, әр-түрлі жұмыстар істеуге жаратылып жұмсалды. 2025 жылдың 1- 4 сыныптың 48 оқушыға желтоқсан айына тамақтандыруға жоспарланған 629 472,30 (алты жүз жиырма тоғыз мың төрт жүз жетпіс екі) тенге 30 тиыннан аударылады. Қаржы толықтай игеріледі
12) **161 ерекшелік** « Ел ішіндегі іс - сапарлар мен қызметтік сапарлар» шығынына – 4 792 000,00 (төрт миллион жеті жүз тоқсан екі мың) теңге қантар-желтоқсан айына дейінгі іс-сапар шығынына жаратылды.
13) 163 ерекшелік «Жалпыға бірдей міндетті орта білім қорының шығындарына» бөлінген 3 367 000,00 (үш миллион үш жүз алпыс жеті мың) тенге жоспарланып, оның 2025 жылдың желтоқсан-қаңтар айларында 2 оқушы тамақтануға жоспарланған 231488(екі жүз отыз бір мың төрт жүз сексен сегіз). Қалған қаржы мектеп жанындағы лагерьге -180000(жүз сексен мың)теңге, аз

қамтылған 27 оқушыға қаржылай қолдауға- 1248156(бір миллион екі жүз қырық сегіз мың жүз елу алты)теңге, Шымкент қаласындағы жазғы тынығу лагерьде демалуға 10 оқушыға 1700000 (бір миллион жеті жүз мың) теңге қаражат жұмсалды. Қаражат толық игерілді.

14) **169 ерекшелік** «Өзге де ағымдағы шығындар» бойынша 343 000,00 (үш жүз қырық үш мың) теңге қаржы бөлініп, толықтай игерілді.
15) 261067015 бағдарламасы бойынша 414- ерекшеліктері бойынша 6 916 000 (алты миллион тоғыз жүз он алты мың) теңге қаражат бөлініп, жоспарланған қаржы толықтай игерілді.

Мектептің дәлізінде арнайы орнатылған «Сыбайлас жемқорлықпен күрес - басты міндет» тақырыбында ақпараттық стенд жаңартылды. Сонымен бірге «Адалдық бұрышы» сыбайлас жемқорлықтың алдын – алу тақырыбында стендісі жаңадан жасақталды. Бұдан басқа мектеп фойесінде «Сыбайлас жемқорлықпен күрес – ортақ іс», «Сыбайлас жемқолыққа – жол жоқ», стенділері мен «Парасатты азамат» тақырыбындағы стенд-бұрыш та бар. Бұл стендтерде мектептің ата-аналарына арналған ақпараттар мен насихат жаднамалар уақытылы ілініп отырады. Күні бүгінде «Адал көмек» жобасы аясындағы жадынама ілулі.

Мектеп ғимаратында ата-аналар мен мектеп қызметкерлері үшін сыбайлас жемқорлық мәселелеріне арналған шағымдар мен ұсыныстарға арналған «сенім жәшігі» орнатылған. Мектептің сенім телефоны ретінде 5-56-85 (87781468304) нөмірі бекітілген.

Мектепте ақша жинауды болдырмау, мектеп бітіру мен мерекелерде мұғалімдерге сыйлыққа ата-аналардан, оқушылардан ақша жинауды болдырмау шаралары үнемі қатаң қадағалауға алынып, ата-аналар жиналысында айтылып отыр. Панфилов атындағы жалпы орта мектебі бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты насихаттау үшін Ұлттық Бюроның бірыңғай номері -1424 Call орталығы және ата-аналардан ақша жинауға тиым салынады деген атаумен ақпараттық тақта мен әлеуметтік парақшаларында таныстырылып, мектептің сайтына орналастырылды. Мектеп дәлізінде орналасқан ақпараттық тақтада «Құрметті ата-аналар ақша жинауға тиым салынады» хабарландыру ілінген. Мектеп бітіруші түлектер үшін салтанатты шаралардан кейін мектеп әкімшілігі тарапынан кештер ұйымдастыру болған жоқ.

Мектеп басшысы қаржылық құжаттарды рәсімдеу кезінде электрондық цифрлық қолтаңбаны басшының өзімен қол қою (өзге тұлғаларға бермеу) мәселесі қатаң сақталады. Бюджет қаражатының уақытылы және толық игерілуі үнемі бақылауда. Мектеп сайтынан «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» айдары жаңадан ашылды.

Мектептің материалдық базасын сақтау, мектепті қажетті құрал жабдықтармен қамтамасыз ету және бухгалтериялық шаруашылық есептердің стандарттарға сәйкес жүргізілуі мен түрлі деңгейдегі сайыстарға қатыстырылатын оқушыларға бюджет тарапынан бөлінетін қаражаттың мақсатты жұмсалуы бақылауға алынған.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулы бойынша мектебімізде мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын , жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен 13 отбасыдан 26 балаға 43407 теңгеден қаржылай көмек көрсетілді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы «мүлдем төзбеушілік» қағидатын қалыптастыру, құқықтық сауаттылықты арттыру және адалдық, парасаттылық құндылықтарын насихаттау мақсатында «Педагог мәртебесі және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» тақырыбында ұжым жиналысы өтті. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының негізгі баптары мен Педагогикалық әдеп кодексінің талаптары түсіндірілді. Техникалық және көмекші қызметкерлермен мектеп мүлкін сақтау, еңбек тәртібін бұзбау және заңсыз сыйақы алудың салдары туралы ақпараттық кездесулер өткізілді. Қызметкерлер кәсіби әдеп нормаларын сақтау туралы ескертулермен танысты. Оқушылар арасындағы сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік қағидатын қалыптастыруға бағытталған «Адалдық – ардың ісі», «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!» тақырыптарында бірыңғай тәрбие сағаттары өтті. Оқушыларға адал еңбектің маңызы туралы бейнероликтер көрсетіліп, пікірталастар ұйымдастырылды.

«Адал ұрпақ» еріктілер клубы мүшелерінің ұйымдастыруымен «Адалдық дүкені» (сатушысыз сауда) акциясы өтті. Бұл шара оқушылардың бойында өзіне-өзі сену, адалдық қасиеттерін сынауға мүмкіндік берді. Оқушылар арасында «Жемқорлық – қоғам дерті» атты үздік суреттер мен эссе байқаулары ұйымдастырылып, жеңімпаздар марапатталды. Ақпараттық-насихат жұмыстарын жандандыру мақсатында Мектеп фойесіндегі ақпараттық стендтер жаңартылып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің «1424» сенім телефоны көрсетілген парақшалар орналастырылды. Мектептің әлеуметтік желілерінде (Instagram, Facebook) өткізілген шаралар туралы фото-есептер жарияланды. Өткізілген іс-шаралар нәтижесінде мектеп ұжымы мен білім алушылардың құқықтық білімдері тереңдеп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы белсенді азаматтық позициялары нығайды. Мекемеде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау бағытындағы жұмыстар тұрақты бақылауға алынған. Мектебімізде тегін ыстық тамақпен 1 ауысымда 24 оқушы, 2 ауысымда 23 оқушы, жалпы 50 оқушы қамтылған. Оның 1-4 сыныптан 47оқушы, 5-10 сыныптан 3 оқушы (2- жартылай жетім, 1-ата – ананың қамқорлығынсыз қалған оқушы) тамақтанады. 2018 жылдан бастап жеке кәсіпкер «Махмудова.Б.К» 2025 жыл №1 келісімшарт №980600 (үшін миллион төгіл жүз сексен мың алты жүз теңге) 2024 жыл №1 келісімшарт 467400 (төрт миллион алты жүз жетпіс төрт мың теңге), 2024 жыл №2 келісімшарт жазғы тынығу лагері 40 оқушыға 537000 теңге (бес жүз отыз жеті мың теңге). «Мектепке жол» акциясы аясында жеке кәсіпкерлер «Даргожин.Е», ЖК «Жубаниязов Б3», ЖК «Хамзин Б», ЖҚ «Дарелов»,ЖК «Зинешов Р» 8 оқушыны (Спанова. Р-аз қамтылған, Таңатар Н –көп балалы,ЕБҚЕ, Сәку Б-көп балалы, Жеткіншекқызы М-аз қамтылған, Тулегнова А-ата-ана қамқорлығынсыз қалған) оқу құралдары мен мектеп формасымен қамтамасыз етті. «Каспий Құбыр Консорциумы» АҚ 16 оқушыға оқу құралдары мен сөмке табыстады. Педагогтер мен қызметкерлерді жұмысқа қабылдау enbek.kz электрондық еңбек биржасы арқылы жүзеге асады. Педагогтер мен қызметкерлерді жұмысқа қабылдау enbek.kz электрондық биржасы арқылы жүзеге асырылды. 2025 жылы 7 педагог лауазымына конкурстық хабарландыру беріліп,(1-орыс тілі пәнінің мұғалімі,тұрақты. 1-тарих пәнінің мұғалімі тұрақты, 2-математика пәнінің мұғалімі тұрақты, 1-АӘД пәнінің мұғалімі тұрақты, 1- көркем еңбек пәнінің мұғалімі, тұрақты, 1-қазақ тілі пәнінің мұғалімі (уақытша) орындар ұсынылды. Нәтижесінде 2 маман тұрақты қызметке алынды, 5 маман уақытша қызметке орналастырылды. Атырау облысының мемлекеттік қызметтер порталының қолдану нұсқаулығы https://e-qyzmetter.kz/ мектептің әлеуметтік парақшасында және ата-аналардың чаттарында таратылды.

2025 жылдың мамыр айында 40 ата-анадан мектеп ішіндегі және 9 ата –анадан қала сыртындағы лагерлерге, 2025 жылдың қыркүйек айында 50 ата-анадан ыстық тамақпен қамтуға өтініш келіп түсті. Өтініштерге уақытылы жауап беріліп, ата-аналарға қызмет көрсету жүзеге асырылды.

Жазғы мектеп жанындағы «Балдәурен» тынығу лагерінде 40 оқушы (көп балалы - 29, жартылай жетім-1 оқушы, аз қамтылған -4 , оқу озаттары мен түрлі деңгейдегі сайыстардың жүлдегерлері-6 "Басқару, заң аясында түсіндірілсе, ал бастауыш сынып оқушыларына адалдыққа тәрбиелеу арқылы, жақсыдан үйренуге, жаманнан жоғалу бағытында жүргізілген кездегі. 2024-2025 оқу жылында 29 оқушы оқушылардың оқу, спорт бағытындағы жетістіктерін, әлеуметтік жағдайларын ескере отырып ата-аналардың берген өтініштері бойынша қамқоршылық кеңес отырысында талқыланып , хаттамаланды. Қала сыртында және басқа облыс аймақтарында орналасқан жазғы тынығу лагерьлеріне 9 оқушы (9- көп балалы, Железноводск-4, Шымкент-1, Махамбет -2, Индер -2)

1-сыныпқа қабылдауға 16 ата-анадан E-gov электрондық әкіметі арқылы өтініш түсіп, es.ias.kz арқылы уақытында жауабы беріліп, күні бүгін 16 оқушы бірінші сыныпта

білім алуда. МАД тобында 15 ата-анадан қағаз түрінде өтініш қабылданып, шағын орталыққа тәрбиеленуге жолдама алды.

Мекемеішілік ішкі бақылаулар мен тақырыптық немесе кешенді тексерулер кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жол берілмеуін зерделеу «Алтын белгі», «Үздік аттестат» иегерлерінің бағаларының өзгертілуі бойынша ішкі бақылау нәтижесінде 6 мұғалімнен түсініктеме алынып, «ескерту» түріндегі тәртіптік шара қабылданды. Түсініктемеде көрсетілгендей бағаның өзгертілуіне сыбайлас жемқорлық фактілері себепші болмаған, техникалық ақаулар және оқушылардың білімін қайта толықтыру мақсатында өзгертілген.

Мекемеде іс жүргізу талаптарына сәйкес кіріс және шығыс құжаттарының тіркелуі, есепке алынуы және уақтылы орындалуы тұрақты бақылауда. Кіріс құжаттар арнайы тіркеу журналдарына енгізіліп, жауапты мамандарға жолданады. Шығыс құжаттар белгіленген тәртіпке сай рәсімделіп, уақтылы жіберіледі. Құжат айналымы жүйелі түрде жүргізіліп, бақылау мерзімдері сақталады.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы заң талаптарының орындалуына ерекше мән берілуде. Мекемеде құжаттар негізінен мемлекеттік тілде жүргізіледі. Қажет болған жағдайда қосымша орыс тілінде рәсімдеу қамтамасыз етіледі. Мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту мақсатында:

- іс қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізу үлесі арттырылуда;
- қызметкерлердің тілдік сауаттылығын жетілдіру жұмыстары ұйымдастырылуда;
- ресми құжаттардың тілдік нормаларға сәйкестігі қадағаланады. Жалпы, мекемеде құжат айналымы мен мемлекеттік тіл саясаты талапқа сай жүргізілуде.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министірінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен бекітілген «Қамқоршылық кеңес қызметінің және оны сайлау тәртібінің үлгілік ережесін» негізге ала отырып, аудандық білім бөлімінің 30.12.2021 жылы №774 санды бұйрығымен қамқоршылық кеңес құрылды. Қамқоршылық кеңесінің құрамына ата-аналар, жеке кәсіпкерлер енгізілген. Ереже бойынша Қамқоршылық кеңесі жалпы білім беру мекемесінің қызметін қамтамассыз ету үшін бюджеттен тыс қаржының жұмсалуына, жалпы білім беру мекемесінің педагогтары мен басқа да қызметкерлерінің еңбек жағдайын ұйымдастыру мен жақсартуға, жалпы білім беру мекемесінің байқауларын, жарыстарын, басқа да бұқаралық мектептен тыс шараларын ұйымдастыруға, жалпы білім беру мекемесінің материалдық-техникалық базасын жетілдіруге оның ғимараттары мен аумағын көріктендіруге көмек көрсетеді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында іс-шара жоспары жасалды. «Сыбайлас жемқорлық» ұғымы жоғары сынып оқушыларына мемлекеттік басқару, заң аясында түсіндірілсе, ал бастауыш сынып оқушыларына адалдыққа тәрбиелеу арқылы, жақсыдан үйренуге, жаманнан жирену бағытында жүргізіліп келеді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында іс-шара жоспары жасалды. «Сыбайлас жемқорлық» ұғымы жоғары сынып оқушыларына мемлекеттік басқару, заң аясында түсіндірілсе, ал бастауыш сынып оқушыларына адалдыққа тәрбиелеу арқылы, жақсыдан үйренуге, жаманнан жирену бағытында жүргізіліп келеді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу үшін білім беру ұйымында педагогтер мен қызметкерлер арасында, ата-аналар жиналысында, әлеуметтік желілер арқылы ақпараттық түсіндіру жұмыстары жүргізіліп отырды. Мектеп бойынша сыбайлас жемқорлық фактілері орын алған жағдайлар тіркелген жоқ.

ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы шеңберінде көзделген қаржылық тергеу, "integrity chek" институты және мемлекеттік қызметшілердің шығыстары мен олардың кірістерімен сәйкестендіру бастамалары бойынша түсіндірме бейнероликтерін әзірледі. Аталған бейнероликті мектеп оқушыларына үлкен үзіліс уақытында таныстырылым жасалды. Аудандық білім бөлімінің

№06-01-06-13-01-2/527 хатына сәйкес мектеп директоры Линда Мустахимқызы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу үшін білім беру ұйымдарына жұмысқа орналасу тәртібі туралы нормаларды мектебіміздің педагог және техникалық қазметкерлеріне түсіндіру жұмысын жүргізуде жиын өткізді. Жиын барысында мұғалімдерді мен техникалық қызметкерлер https://www.enbek.kz/kk сайты бойынша жұмысқа қабылданатынын аса басымдылықпен айтты. ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың ережелерін, оның ішінде сыбайлас жемқорлық үшін жауапкершілікті түсіндіретін жаднамалар мектептің әлеуметтік парақшасында,ата-аналар чаттарына таратылды.

Жалпы мектеп бойынша сыбайлас жемқорлықтың нышаны бар іс-әрекеттер мен фактілері анықталған жоқ.

III. Қорытынды:

«Атырау облысы, Құрманғазы аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Панфилов атындағы жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі» сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу қорытындысы бойынша ұсынылды:

1) Мемлекеттік қызмет көрсетулер бойынша жүргізілген түсіндіру шараларын мектеп сайтының «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» айдарынан немесе Facebook әлеуметтік желілерінде - «Панфилов мектебі парақшасынан», аудандық «Serper» газетінен тоқсан сайын көрініс табуын жолға қою.

2) Қоғамда сыбайлас жемкорлыққа қарсы саясатты насихаттау және парасаттылық идеологиясын қалыптастыру мақсатындағы тиімді онлайн іс-шараларын жетілдіре жалғастыру;

Ішкі талдауды жүргізгендер:

1. _____ Л.Умирзахова – мектеп директоры, жұмыс тобының жетекшісі

2. _____ Қ.Лұқпанова – мектеп директорының тәрбие жұмысы бойынша орынбасары, жұмыс тобының хатшысы

Жұмыс тобының мүшелері

1. _____ Е.Дюсенбаева - мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары
2. _____ Р.Наурызғалиева - кәсіподақ комитетінің төрайымы
3. _____ А.Торгаева – психолог
4. _____ А.Сисенова – есепші
5. _____ Д.Мағзомқызы – мектептің әлеуметтік педагогы
6. _____ Б.Дәрелов – қамқоршылық кеңес мүшесі
7. _____ М.Жупкалиева – шаруашылық меңгерушісі